| Білім салалары | **«Денсаулық» 3**<br>Дене шынықтыру – 3 с | **«Қатынас» 2,5**<br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет – 1<br>Орыс тілі – 0,5 | **«Таным» 2,5**<br>Математика негіздері– 1<br>Құрастыру – 0,5<br>Жаратылыстану – 1 | **«Шығармашылық»3,5**<br>Сурет салу – 1<br>Мүсіндеу – 0,5<br>Жапсыру– 0,5<br>Музыка – 1,5 | **«Әлеумет» 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу – 0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Табиғатты аялайық** | 1. Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:** «Доптар»<br>**М:**1. Иректеп қойылған жіптің үстімен еркін жүру. Заттардың арасынан алақан және табанмен еңбектеу. Саптізбекте бір-бірден сапқа тұру, шашыраңқы жүргенде кеңістікке бағдарлау және саптізбекте өзінің орнын жылдам табу.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Сиқырлы бақалар»<br>2. Заттарды аттап жүру және жүгіру. Саптізбекте бір-бірден сапқа тұру, шашыраңқы жүргенде кеңістікке бағдарлау және саптізбекте өзінің орнын жылдам табу. Допты екпінмен лақтыру және доп қимылының бағытын сақтау.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Құлаштан шомылуға үйрету»<br>3. Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. Допты екпінмен лақтыру және доп қимылының бағытын сақтау. Орнында тұрып ұзындыққа секіру. | 1.Сөйлеуді дамыту<br>**Тақырыбы:** «Табиғатты аялайық»<br>М:Табиғат-Ана, оның байлықтары туралы түсіндіре отырып, табиғатты аяулауға, қорғауға тәрбиелеу. Табиғат туралы мағлұматтар беру,ой-өрістерін дамыту. Табиғат құндылығының маңыздылығын білуге Тәрбиелеу.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Жайлау»<br>Н.Жанаев өлеңі<br>М: Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру.Өлеңді жатқа айтуға үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. | 1.Математика негіздері<br>**Тақырыбы:** «Сан мен цифрды сәйкестендіру. Есептік және реттік санау. Үлкен, кіші, кішкентай, өте кішкентай. Не ненге ұқсайды?»<br>**М:** Цифрды заттың санымен сәйкестенді-руге үйрету,әртүрлі арақашықтарға орналасқан екі топтағы заттарды салыстыруды үйрету, аяқталмаған фигуралардан көре білуге үйрету, «үл-кен», «кіші», «кішкен-тай», «өте кішкентай» ұғымдарын бекіту<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Шуағын шашқан алтын күн»<br>**М:**жансыз табиғат құбылыстар ы туралы түсініктерін кеңейту . Жансыз табиғатқа танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу. Қоршаған ортаға қамқор көзқарасты тәрбиелеу.<br><br>**3. Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Құс»<br>**М:**Құстар туралы білімдерін жетілдіру. Балаларды бар мүмкіндіктерімен құстың пішіні мен құрылымын көркемдеп білуге ынталандыру. Құсты қағазды умаждау арқылы, ұқыпты жұмыс істей білуге үйрету. Балалар қиялын дамыту. Құстарға қамқорлық, сүйіспеншілік сезімі тәрбиелеу. | 1.Сурет салу<br>**Тақырыбы:**«Торғай»<br>Мақсаты: сурет салу кезінде қылқаламды қолында еркін ұстау дағдыларын жетілдіру. Құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**«Қара торғайдың ұясы»<br>М:Құстарды аялау және құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Саусақтың ұсақ бұлышық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды құс түрлерімен таныстыру. Геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. Геометриялық пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш)<br>**3.Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Жәндіктер»<br>**М:**Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге үйрету.Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену.Ойын ойнағанда эмоцияны ояту.<br>**4.Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Жәндіктер»<br>**М:**Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. | |

Scanned by TapScanner

**Мамыр айы 4-апта 2021 жыл**

| Білім салалары | «Денсаулық» 3<br>Дене шынықтыру – 3 с | «Қатынас» 2,5<br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет – 1<br>Орыс тілі – 0,5 | «Таным» 2,5<br>Математика негіздері– 1<br>Құрастыру – 0,5<br>Жаратылыстану – 1 | «Шығармашылық»3,5<br>Сурет салу – 1<br>Мүсіндеу – 0,5<br>Жапсыру– 0,5<br>Музыка – 1,5 | «Әлеумет» 0,5<br>Қоршаған ортамен танысу – 0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| Көңілді жаз | 1.Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:** «Су түбінде қолмен қозғалу»<br>**М:**1. Қарқынды өзгерте отырып жүру және жүгіру. Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Екі метр арақашықтықта допты бір-біріне лақтыру, доптың ұшу бағытын бақылау және ұшып келе жатқан допты бүгілген қолдың жеңіл қимылымен тосып алу.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Суда демді ұстау»<br>2. Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. Екі метр арақашықтықта допты бір-біріне лақтыру, доптың ұшу бағытын бақылау және ұшып келе жатқан допты бүгілген қолдың жеңіл қимылымен тосып алу. Басындағы қабымен гимнастикалық орындық бойымен, дене бітімін сақтай отырып жүру.<br><br>**3.Дене шынықтыру»**<br>**Тақырыбы:** «Қорытынды сабақ»<br>3. Басындағы қабымен гимнастикалық орындық бойымен, дене бітімін сақтай отырып жүру. Шектелген жазықтық бойымен допты домалатуға жаттықтыру. | 1. Сөйлеуді дамыту<br>**Тақырыбы:** «Жаз келді алақай!»<br>М: Сурет бойынша байланыстырып сөйлеуге үйрену. Ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдап, дұрыс жауап беруге баулу. Сөйлеу мәдениетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Жаз келді»<br>Тұманбай Молдағалиев<br>Тақпақ оқу.<br>М: Жыл мезгілдеріне байланысты білімдерін кеңейту. Жаз мезгілінің келгенін айта отырып, жаз мезгілінде болатын табиғи құбылыстарды атай білуге баулу. Тақпақты жатқа айтуға үйрету.<br><br>**3.Орыс тілі**<br>**Тақырыбы:** «Давайте береч природу»<br>**М:**Научить детей любить и охронять природу. Закрепить умения считать до 10 в прямом и обратном порядке, составлять словосочетания, предложения из 2-3 слов. | 3.Математика негіздері<br>**Тақырыбы:**. Сан мен цифрды сәйкестендіру»<br>**М:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Кеңістіктегі қарым-қатынастар туралы(сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төмен-де) түсінік қалыптасты-ру, әртүрлі арақашық-тықта орналасқан екі топтағы заттарды салыстыруды бекіту. Балаларға 5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бес-бестен бір топқа біріктіруді бекіту.<br><br>2.**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Қош келдің жаз»<br>**М:**жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | 1.Сурет салу<br>**Тақырыбы:** «Табиғат аясында»<br>**М:**Жаз мезгілінің ерекшелігіне тән белгілерді ажырата білуге үйрету. Жыл мезгілінің қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту. Жыл бойындағы жұмыстарының нәтижесіне баға беру, өз ойларынан сурет салуда белсенділігін арттыру.<br><br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді Жаз!»<br>М:Түрлі пішіндерді қию дағдыларын бекіту: симметриялық емес сұлбаларға салынған немесе қиялдағы сұлбалармен қию дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**3.Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Көбелектер»<br>М:Музыкаға деген қызығушылығын, музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін бекіту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін бекіту. Жәндіктер туралы білімдерін бекіту . | **1. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді жаз»<br>М/ы:.Жазғы табиғатты бақылау, өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым дағдыларын үйрету. Табиғат құбылыстарын бақылай отырып, нәтиже алуға үйрету. Табиғаттың баға жетпес құндылықтарын қорғауға тәрбиелеу. |

Scanned by TapScanner

«Бекітілді» ____________
№4 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасының
директоры Б.Ж.Хисамиденова
№1 педагогикалық кеңесте
28 тамыз 2020жыл

# «Балалардың ойлау қабілетін логикалық ойын арқылы дамыту»

Ересек №4 «Балдаурен» тобы

(вариативтік компонент)

2020 -2021 оқу жылы

Scanned by TapScanner

**Жоспар:**

**І. Кіріспе**

**ІІ. Негізгі бөлім**

1. **«Логика» ұғымына түсінік**
2. **Негізгі мақсаты.**
3. **Мектеп жасына дейінгі баланың логикалық тұрғыдан дамуына ойын арқылы ықпал жасау.**

**ІІІ. Қорытынды**

Scanned by TapScanner

**Кіріспе**

Баланың жас ерекшелігін ескере отырып түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интелектуалдық деңгейін көтеру.
«Логикалық тапсырмалар» баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді.Логикалық тапсырмалар баланың интеллектуалдық деңгейін көтереді.

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да тәрбиеші балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, оқу іс – әрекетінде бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының обьектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.
Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі.

Психолог – ғалымдар: Н.Н. Поспелов, Ю.А.Петров, А.Н.Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше «логикалық ойлау» дегеніміз логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.
Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В.Запорожец, Л.Н.Венгер, И.С. Якиманская еңбектері жарық көрді.
Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз:
• барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;
• ойлау белсенділігін, өз беттілігін дамыту.

«Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К.Д.Ушинский.
Мектеп жасына дейінгі баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ:
«Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».
Баланың логикалық ойлауы арқылы тілін дамыту үшін , тәрбиешіге оның ториясын терең білу міндеті жүктеледі.
Логикалық ойлауды дамытудың кестесі арқылы тіл дамыту жолдарының кестесін жасауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда сұрақтардың алатын орны ерекше. Сондықтан балаға қойылатын сұрақ жүйелі, әрі түсінікті болу керек.Сұрақтар қоя білу қиялдаудың ең жоғарғы сатысы және нәтежелі ойда негізгі рөл атқарады. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірбилерін өз бетінше іс жүзіне асырады .Сондықтан ойын балалар үшін өзіне тән жүру барысымен, мақсатымен маңызды. Міне, осыдан баланың логикалық ойын қиялдау қабілеті шыңдалады, дамиды. Бұл қазіргі заманға өте қажет.Өйткені, бұл компьютер ғасыры.
Баланы болашақ өмірге, белсенді еңбекке даярлауда, оның ақыл-ойы, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыруда – балаға құрметпен қарау қажет.

Scanned by TapScanner

Бүлдіршіндердің логикалық ойлау қабілетін дамытуда қарапайым математиканың алғашқы ұғымдарын ойын арқылы үйретудің математикалық диктант жазудың , заттарды әр-түрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың , ауызша есеп шығарудың ,көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Біздің балабақшаның тәрбиешілері логикалық ойлау қабілеттерін жоғарлатуда.

Логика - дүниені тану тарихының нәтижесі, жиынтығы, қорытындысы. Логика ғылымында жаңаша әдістерді жетілдіру, адамның дүниетанымын барынша өрістету басты мәселе болып саналады. Логика ғылымы адамдардың сан ғасырғы тарихи тәжірибесінің жемісі.

Бұл ғылым адамдардың өмір сүру қызметінің әр түрлі салалары үшін аса маңызы бар әлеуметтік тарихи құрылым. Бұл логикалық ойлау ғылымы көптеген басқа ғылымдармен байланысады. Философиямен, психологиямен, жоғарғы нерв қызметі, физиологиямен, кибернетикамен, математикамен байланысын зерттейді.Логика - талқылау кезіндегі ойдың дұрыс құралуын зерттейтін ғылым. Еінші сұракта формалды және диалектикалық логика туралы түсініктердің мазмұнын анықтаудан бастау керек. Формалды және диалектикалық логиканың ерекшеліктеріне, айырмашылықтарына тоқталған жөн. Формалды логика жаңа білімдерді қорытып шығарудың заңдарын қарастырады. Формалды логика білімнің құрылымдық жағын жеке-жеке көрсетуге, олардың элементтерінің формалды байланыстарына көңіл аударады.

1. **«Логика» ұғымына түсінік**

Білім берудің басты мақсаты-үнемі өзгеріп тұратын әлеумет жағдайына қарай өсіп келе жатқан ұрпақты даярлау.Өзгермелі өмірге қарай балаларды бейімдеуде білім мен тәрбиемен қаруландыру білім беру үрдесінің негізгі кілті болып табылады.Логикалық ойлау әдістерін меңгермеген балада,білім саласында көп қиындыққа ұшырайды: есептерді шығаруда,жаттығуларды орындауда көп уақытын және күшін жоғалтады.Нәтижесінде денсаулығы әлсірейді,оқуға деген құлшынысы төмендейді.Бала логикалық операцияларды меңгергенде,анық және дәл ойлай алады,амалды орындауда неге мән беру қажеттілігін түсінеді,өзінің дұрыстығы туралы пікірін білдіре алады.Білімді меңгеру оңайға соғады, мектеп бала үшін қуаныш әкеледі.

Логикалық тәсілдер-салыстыру,талдау,жіктеу,дәлелдеу әртүрлі іс-әрекеттерде қолданылады.Білім берудің мұнай құндылығы күнде артып келеді.Мұның дәлелі ретінде компьютерлік білім сауаттылығы, логиканың теориялық негізін құрайды. Бұл жөнінде адамдық ойлаудың түрлі бағыттары бойынша:
Сократ,Аристотель,Декарт,Гегель,М.Берцфаи,М.Монтессори,Ж.Пиаже,П.П.Блонский,Л.С.Выготский,П.Я.Гальперин,В.В.Давыдов,А.В.Запорожец,Г.С.Костюк,А.Н.Леонтьев,А.Р.Лурия,А.И.Мещеряков,Н.А.Менчинская,Д.Б.Эльконин,Н.Н.Семёнов,Б.М.Кедров,Н.В.Григорян,Л.М.Фридма,Н.А.Подгорецкая және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Логика ғылым ретінде дүниеге келіп,қалыптасқан отаны Ежелгі Грекия деп саналады , ал оның негізін салған ертедегі грек философы Аристотель оны «ойлаудың грамматикасы»деп атаған екен.Ежелгі Грекияда логика саласындағы ғылыми зерттеулерді алғаш бастаған Демокрит.Сондай-ақ Ежелгі Грекия идеалистері Сократ пен Плотон да айналысты.Бірақ , олардың ешқайсысы да логика ғылымын жасай алмады.Тек бұл міндетті Аристотель іске асырды.

Логика гректің logos – «ойлау», «сөз», «ақыл-ой», «заңдылық» деген ұғымдарды білдіретін кең мазмұнды сөзінен шыққан.Осыған сәйкес «логика» термині,негізінен,мынадай үш мағынада қолданылады: 1) шындық дүниедегі заттар мен құбылыстардың заңдылықтарын білдіру үшін; 2) ойлаудың дәйектілігін, айқындылығын,дәлелділігін білдіру үшін; 3) логика ғылымы-ойлау логикасының теориялық,ғылыми бейнесі ретінде қолданылады.

Логиканың материалистік негіздерін зерттеуде XVII ғасырдағы озат ойшыл,ірі ғалымдардың бірі Ф.Бэконның еңбектерінде маңызды рөль атқарды.Ол «ұқсастық әдісі», «айырмашылық әдісі», «ұқсастық пен айырмашылықтың біріккен әдісі», «бірге болатын өзгерістер әдісі», «қалдықтар әдісі» деп аталған ғылыми-индукцияның бес әдісін жасап берді.

Бір жүйеге келтірілген диалектикалық логиканы тұңғыш рет Гегель жасады.Ал,диалектикалық логиканы жасаған К.Маркс пен Ф.Энгельс болды.Логикалық сөйлемдерді геомитриялық фигуралар арқылы түсіндіру әдісі И.Г.Ламберг және Б.Больцано еңбектерінде кездеседі.Сөйтіп ,логикалық мәселелерді шешуде математика әдістерді қолдану кеңінен таралды.Қазақстанда логиканың дамуына академик А.Д.Тайманов зор үлес қосты.Ол логиканың ойлау формаларын(ұғым,пікір,ойқорытынды)зерттеп,олардың мәнін ,түрлерін,арақатынастарын,олармен операциялар жасаудың тәртібін

Scanned by TapScanner

ашып,оларға тән ережелер мен түпкілікті ойлау заңдарын саралады.Мұнда дәстүрлі логиканың қойған мәселелерін шешу үшін символдар тілі,математикалық әдістер,логикалық есептеулер қолданылады.Бұлайша қарастыру ойлаудың жаңа заңдылықтарын ашуға,ойлау процесін автоматтандыруға,сөйтіп,осыған негізделген жаңа техника мен технологияны жасауға жағдай жасайды.Қазіргі кезде логика,негізінен ,үш бөлімнен (пайымдаулар теориясы,математика және логикалық методология)тұратын ,жан-жақты тармақталған ғылымға айналды.

Ә.Тұрғынбаевтың анықтамасында «Логика дегеніміз-ойлауды дұрыс құрудың заңдары мен формалары,ережелері туралы,философиялық ғылым» делінген.Ойлау дегеніміз – ең алдымен шындық дүниесінің адам миында бейнеленуі болып табылады.

## 2. Негізгі мақсаты мен зерттеу пәні:

Логика ұғымы объективті дүниенің, шындықтың даму заңдылықтарын бейнелеу мағынасында да қолданылады. Кең мағынада Логика ойлаудың ғана емес, болмыстың да байланыстарын көрсетеді, бұл жағынан ол онтологиямен сабақтас. Ойлау мен таным қатар жүретіндіктен Логика таным теориясымен (гносеологиямен) байланысады. Логика философияның негізгі бөлігі болып табылады, өйткені философия "оймен басталып, оймен жалғасады, сондықтан оны кейде "ойлау туралы ойлау" деп анықтайды.

Логикалық ойлаудың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Пікір алмасу кезінде, әсіресе математикалық тұжырымдар кезінде пайымдау,ойлау заңдылықтарын немесе былайша айтқанда сол заңдылықтар мен формалары жөніндегі ғылым- логиканың көмегімен бір пікірден екінші пікірді шығарамыз. Логикалық тұжырым теориясының ең алғаш грек философы Аристотель негізін қалаған.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Мектепалды даярлық топ балалардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі. Бұл кезде балалардың ойлары нақты – бейнеліден абстрактылы – логикалық ойлауға қарай дамиды. Логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар балаларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай - ақ балаларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

## 3. Мектеп жасына дейінгі баланың логикалық тұрғыдан дамуына ойын арқылы ықпал жасау.

Балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсәлдерді таңдаумен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын түрлері қойылады. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады.

Ойындардың түрлері:

1.Дидактикалық ойындар
2. Драматизациялық ойындар
3. Қозғалыс ойындар
4. Ұлттық ойындар
5. Логикалық ойындар
6. Рөлдік ойындар
7. Фонетикалық ойындар
8. Интеллектуалды ойындар

Баласын жан-тәнімен сүйетін ата-ананың міндеті – бөбегін таным жолына жетелей отырып, оның өздігінен әрекет жасау құқығын қуаттай білу, үнемі жетіліп отыруына мүмкіндік беретін орта қалыптастыру болып табылады.

Scanned by TapScanner

Ондай орта, әрине, ұжымдық орта. Балалар өздеріне ұнаған ойыншықтарымен, ата-анасымен, бауырлары, сыныптастарымен бірлесіп ойнау арқылы, қиялдарға беріліп, қызығушылығы артады. Қиялдау арқылы шығармашылық әрекеттерге қадам жасайды.

Бала ең алғаш мектепке келген кезде, біршама уақыт өзінің ойыншықтарын, бірге ойнаған достарын ұмыта алмай ойы соларға бөлініп жүретіні түсінікті жай.

Балабақшада баланың логикасын дамытуды жеделдететін, нақты геометриялық пішіндермен айлалы әрекеттер жасай отырып абстракты математикалық тұжырымдамаларды қабылдауына ықпал ететін жаңа мазмұндағы ойыншықтармен ойната отырып оқытқан жағдайда оның мектеп өміріне қызығушылығы арта түседі.

Бұл ретте қоғамдық тәрбиенің негізін салушы бүкіл саналы өмірін балабақша тәрбиелеріне «әрбір бала - өзінің мүмкіндіктеріне жету үшін лайықты білім беруді күтетін бірегей тұлға» - деп өз бағдарламаларын үйретуден жалықпаған Фридрих Фребельдің материалдарынан жасалған, көз жауын аларлықтай алуан түсті, экологиялық таза, ағаштан жасалынған математика, информатика пәндеріне арналған геометриялық фигуралар, ұшбұрыш, төртбұрыш, ромб, трапеция, ірі-майда дөңгелек айшықтар мен ұзын, қысқа кесінділерден т.б., бір комплектіде 14 бөліктен тұратын оқыту кезінде ойын элементтерін қолдануға ыңғайлы ойыншықтарды ұсынады. Геометриядан фигуралардан жұлдызшалар жануарлар, зәулім ғимараттар құрастыруда матемаикалық логиканың даму процесін жылдамдатуға логикалық ойлауды жүйелеумен бірге, логикалық операциялар сияқты негізгі ұғымдарды модельдеуге ықпалы зор. В. Давыдовтың «Балабақша баласының психологиялық даму» еңбегінде: «Оқыту үрдісіндегі балалардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру өзіндік мақсат емес, ол – белсенді тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі» делінген.

«Ойлау логикалық заңдылықтары мен формаларына бағынады. Көптеген адамдар логикалық ойлайды, бірақ өздерінің ойлауы логика заңдылықтары мен формалары арқылы болып жатқанын білмейді» - дейді В. Кириллова.

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар балаларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ балаларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Логикалық тапсырмалар арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

- Қызығушылығын арттыру;
- Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
- Шығармашылық ізденісін дамыту.

Логикалық тапсырмалар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатына негізделген дәріс моделін құрастыруға болады.

Мұндай сабақтардың құрылысы 4 кезеңнен тұрады:

1. Машық. Сергіту;
2. Балалардың шығармашылық қабілетінің негізі болатын психологиялық механизмдерінің дамуы (ес, зейін, қабылдау, ойлау);
3. Іздену тапсырмаларын орындату;
4. Балаларға белгілі түсінікпен жаңалықты көруге тәрбиелеу, мақсатында логикалық тапсырмаларды орындату.

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері:

1. Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар
2. Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар.

Осындай тапсырмалар орындау барысында балалардың субъектілік алғы шарты туындайды:

1. Оқу іс – әрекетіне деген қызығушылығы артады;
2. Ой-өрісі дамиды;
3. Шығармашылық пен дарындылық пайда болады.

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың маңызы зор.

Scanned by TapScanner

Баланың логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Балалардың ақыл-ой белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан балалардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау операцияларын жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Балалардың ойлауын дамыту ойлау операцияларын меңгеруіне байланысты. Ендеше, балаларға тапсырмалар бергенде таңдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар логикалық ойлауын дамытатындай болуы керек.
Мысалы, сөздік-логикалық ойлаудың дамуына мынандай жаттығулар көмектеседі: «Артығын анықта» әдістемесі. Баланың маңызды бөліктерді бөліп көрсету, жалпылай білу дағдысын көрсетеді. Тапсырманы сурет не заттай немесе жазбаша түрде ұсынуға болады.
Сонымен қатар ойлау әрекетін дамытатын тәсілдерді ойын түрінде қолдануға болады. Мысалы,«Керісінше айт» ойыны. Бұл ойында қарама-қарсы мағыналы сөздерді өткенде пайдалану тиімді. Мысалы, толық- жіңішке, қара-ақ, ыстық-суық, бос-толы, т.б.
Осы сияқты әртүрлі жаттығуларды тәрбиеші ретін тауып оқу үрдісінде қолдана білсе, оқыту түрленеді, оның тиімділігі артады, балалардың ақыл-ойы жетіле түседі. Балаларға тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды. Осындай тапсырмалар, әдетте, тосын, болжауға келмейтін және қарапайым болады. Балалар мұндай тапсырмаларды зор ықыласпен орындайды және өздігінен анализ жасауға үйреніп, өз жұмыстарының қорытындыларын жалпылауға, салыстыруға дағдылана бастайды.

Мен балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда мынандай талаптарды басшылыққа алдық:

- Оқу іс - әрекетіне балаларды түгелдей қамту;
- Жеке дара қасиеттерін ескере білу;
- Іс-әрекетке қызықтыра білу.

Құрылған тапсырмалар мазмұны жағынан бір- біріне ұқсамайды. Бұл баланың ой - өрісін дамытып қана қоймай, оны байқағыштыққа, шапшаңдыққа, ойын дәлелдеуге де үйретіп, әрі оны жалықтырмайды. Әр сабақ сайын тапсырмаларды қиындатамын, көлемі көбейген сайын тапсырмаларды орындау жылдамдығы да артады.
Оқу іс – әрекетінде тапсырмалардың мынадай түрлерін өз тәжірибемізде пайдаланып жүрміз:

1. «Бір сөзбен ата» әдістемесі
2. «Не артық» әдістемесі
3. «Суреттерді есте сақта» әдістемесі
4. «Қисынсыздықтар» әдістемесі
5. «Суретте қандай заттар жасырылған» әдістемесі
6. «Айырмашылықтарын тап» әдістемесі
7. « Мына суреттерде не жетіспейді?» әдістемесі
8. «Белгілерді қой» әдістемесі

## Қорытынды

Қорытындылай келе, баланың логикалық ойлауын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленді және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері айқындалады, ол өз ретінде, балалардың логикалық ой-қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырды – деп ой түйіндейміз.

Scanned by TapScanner

Баланы өмірге келген шағынан бастап денсаулығына зиянсыз, дамуына мүмкіндік жасай алатын, шығармашылығы мен танымдық қабілеті дамуына ықпал ететін орта құру бүгінгі күннің басты талабы. Баланы қоршаған ортасы, оның интелектуалды өсуіне, алған білімін өмірде қолдана білуіне ықпал етіп, айналадағылармен дұрыс байланыс жасауға үйрететін орта болуы тиіс.

Сонымен, сананың құрылысы мен психикалық қызметтердің барлық түрлерінің дамып жетілуіндегі өзекті мәселесі сананық даму деңгейі. Бұл мәселе баланың әр алуан іс-әрекеттері мен ақыл-ойының дамуымен де өзектес екендігін айқын көрсетіп отыр. Ойлау процесіне қатысты мұндай зерттеулер ілгеріден келе жатқан ойлау жайындағы жорамалдарды тәжірибе жүзінде зерттеп, олардың шындығын ашып көрсетуге жетелер деп санаймын. Бала әрбір нәрсенің мәніне ой жүгіртіп түсінетін болады. Үйреншікті әрекеттерімен мінез-құлығындағы ерекшеліктерін танып біледі. Мұның бәрі баланың ойлау деңгейінің өсіп жетілуіне қолайлы жағдай тудыратын қажет факторлар деп білеміз. Педагогика ғылымының да алдына қоятын мақсаттарының бірі осы бала ойының дамып жетілуін қамтамасыз ету.

Баланың даму кезеңдеріндегі ақыл-ойының өсуі мен жетілуі оның ғылым негіздерін қандай деңгейде меңгере білуіне жол ашып береді. Сөйтін бала өзінің өмір тәжірибесі мен ішкі жан дүниесінің дамуына да ой жүгіртіп, оны өзі бақылап басқара алатындай қабілетке ие болатыны сөзсіз.

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да тәрбиеші балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі.

**Қолданылған әдебиеттер:**


1. [Білім заңы]
2. [Сиқырлы пішіндер мен сандар 2003 ж]
3. [Логика және информатика элементтері бар математика 2012 ж]
4. [Балалардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұнын игеру және меңгеру сапасын бағалау және өлшеу әдістемес 2011 ж]
5. [Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологияларын пайдалану әдістемесі 2014 ж]
6. [Мектепке дейінгі балалардың ойлауын дамытушы технологиялар әдістемелік құрал 2014 ж]
7. [Бала мен балабақша №9 2013 ж]
8. [Мектептегі психология №5, 2011 жыл]
9. [Мектептегі психология №1 2009 жыл]


Scanned by TapScanner

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Ойындар | Сағат | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Логика дегеніміз не?» Заттарды әртүрлі белгілері | Балаларды логика пәнімен таныстыру. Заттардың түсін тауып,есте сақтауды дамыту. | 1. «Логика» пәнімен танысу.<br>2. «Бір белгісі бойынша жіктеу, түсі».<br>3. «Бір белгісі бойынша жіктеу, түсі және нысаны»<br>4. «Екі белгісі бойынша жіктеу, түсі және нысаны» | 1 | Қыркүйек |
| 2 | Заттарды әртүрлі белгілері | Заттардың түсін тауып,есте сақтауды дамыту. | 1. «Үш белгісі бойынша жіктеу, түсі,шамасы және нысаны»<br>2. «Түсі, пішіні бойынша ажырат. Қателікті тап»<br>3. «Сиқырлы есік. Пішіндер қандай сиқырға тап болды?»<br>4. «Өлшемі мен пішіні бойынша қателіктерді тап» | 1 | Қыркүйек |
| 3 | Ерекшеліктерді анықтау және абстрактылау | Ерекшеліктердің образдары мен оларды айтып жеткізетін сөздар арасындағы тұрақты байланысты дамыту, ерекшеліктерді анықтау және абстрактылауға үйрету. | 1. «Қазынаны тап»<br>2. «Құмырысқаларға көмектес»<br>3. «Көлік тас жолы» Жол сал<br>4. «Кондитерлік фабрика» *Дөңгелек қораптарға жуан кәмпиттер салынады.* | 1 | Қыркүйек |
| 4 | Түс, пішін, мөлшер | Заттардың белгілерін анықтауды үйрету. Таңдауын дәлелдеуді үйрету. Сенсорлы қабылдау мен нұсқау бойынша жұмыс істеуді дамыту. | 1. «Пішіндерден бейне құрастыр»<br>2. Қандай пішін жетіспейді»<br>3. «Жамауларды таңда»<br>4. «Суы аз құмыраны белгіле»<br>5. «Түс» ойыны | 1 | Қыркүйек |
| 5 | Дәмі, иісі, материалы | Балаларды басқа да белгілермен таныстыру.Барлық заттың тән емес арнайы белгілермен таныстыру. Жасалған материалына байланысты заттың қатынасын балаларға үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыру. | 1. «Дәміне қарай ажырат»<br>2. «Не неден жасалған»<br>3. «Иісіне қарай ажырату»<br>4. Заттардың белгілерін ажыратуға арналған жаттығу. | 1 | Қазақ |
| 6 | Жанды-жансыз. Қандай топқа жатады. Адамдар қолданылатын зат. | Балаларға заттарды маңызды белгісі арқылы анықтап белгілі бір топқа жатқызу. Адам қолданылатын заттың маңызын анықтау. | 1. Тақырып бойынша әңгіме құру.<br>2. «Жанды-жансыз» ойыны<br>3. «Затты лото» ойыны<br>4. «Сөйлемді аяқта» тапсырмасы<br>5. Графикалық тапсырма | 1 | Қазан |
| 7 | Салыстыру. | Ойлау операциясының негізін калыптастыру және дамыту. | 1. «Салыстыру» ойыны<br>2. «Туысын тап» ойыны | 1 | Қазан |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ұқсастықты байқау, заттар мен құбылыстарды айыра білуді дамыту. | 3. «Сөздің жалғасын айт» тапсырмасы. | | |
| 8 | Жоққа шығару. Шектеу | Маңызды қайшылықты көруді балаларға үйрету. Тапсырма барысында бірнеше дәрежені қолдана білу. | 1. «Балықтар, құстар, аңдар» ойыны<br>2. «Не жасырдың» ойыны<br>3. «Кескінді анықта» ойыны<br>4. Жұмбақ шешу | 1 | Қазан |
| 9 | Классификация. Топтау | Заттарды бөлу және оның маңызды(негізгі) және жанама белгілері туралы балаларға баяндау. Заттарды біріктіру топқа бөлу және топтап орналастыру орындарын анықтауды дамыту. Қойылған мақсатқа жету үшін қолданылатын белгілерді анықтау және балаларға үйрету. | 1. «Қатарды аяқта» ойыны<br>2. «Мағынасы бойынша топта» ойыны.<br>3. «Зообаққа орналастыр»<br>4. Таяқшалармен жұмыс | 1 | Қараша |
| 10 | Қайсысы артық? Не жетпейді? | Алынған білім негізінде балаларды қарама-қайшылықты ажырата білуді, өздері жасаған қателікті табу және қатемен жұмыс жасауды үйрету. Мұқияттылықты, байқампаздықты, ұсынылған материалды талдауды дамыту. | 1. «Не несіз болмайды ?» ойыны<br>2. Жұптасып карточкамен жұмыс<br>3. «Не артық?» ойыны<br>4. «Сөзсіз жұмбақ» | 1 | Қараша |
| 11 | Уақыттық ұғымдар | Уақыттық түсініктерді дамыту,оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру,тәулік бөліктері мен апта күндерін,уақыт аралықтарын,жыл мезгілдерін,айларды ретімен атауға,уақыттың кезеңдігі туралы түсініктерін қалыптастыру. | 1. Уақыт реттілігін анықтау. (Кеше-бүгін-ертең,алдымен-кейін,ертелеу –кештеу)<br>2.Уақытты бағдарлау: апта күндері,күн режимі (Таң,күн,кеш түн)<br>3.Уақытты бағдарлау: айлар,жыл мезгілдері,жыл. | 1 | Қараша |
| 12 | Жауабын табу алгоритмі | Балаларды талдау, ұсыныс жасау және оның шындығын тәжірибеде тексеруді жаттықтыру. Логиканың белсенділігін алған білімдерін қолдана алуды дамыту. | 1. «Берілген белгілер бойынша затты анықта» жаттығуы.<br>2. «Дәмді, домалақ, қызыл» тапсырмасы.<br>3. Карточкалармен жұмыс.<br>4. «Сөз шынжыры» ойыны | 1 | Қараша |
| 13 | Ойын білдіру | Заттардың белгілерін жоққа шығаруды немесе дәлелдеуді балаларға үйретуге арналған жаттығулар. Балаларға ойларын ұсынуды ғана емес, сонымен | 1. «Жақсы-жаман» ойыны.<br>2. «Жыл мезгілдері мен олардың белгілерін қос» ойыны.<br>3. «Сөйлемді жалғастыр» ойыны | 1 | Желтоқсан |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қатар оларды нақты, тиянақты құрастыру. | 4. Графикалық диктант. | | |
| 14 | Қорытындылау | Балаларға фактілерге сүйене отырып қорытынды жасауға үйрету. Құбылыстар арасындағы қарым-қатынасты анықтауды, бір қатынастан екіншіге оңай өтуді жаттықтыру. | 1. «Затты анықта» ойыны.<br>2. «Табиғат құбылыстары»<br>3. «Қандай?» сұрағына тапсырма<br>4. Графикалық диктант. | 1 | Желтоқсан |
| 15 | Түрлендіру | Пішіндерді тиянақты зерттеуді және қорытынды жасауды балаларға үйрету. Пішіндерді түрлендіру барысында барлық амалдарын қарастыру. Алға қойылған мақсатты орындау. | 1. «Зат қандай пішіндерден құралған»<br>2. «Танграмм»<br>3. «Жанданған пішіндер»<br>4.«Джерри қайда жасырынды?» | 1 | Желтоқсан |
| 16 | Дүниеде не болмайды? | Балаларды елестетуді өз ойын айтуды қалыптастыру. Лингвистикалық ойлау, сөйлеу белсенділігі және шығармашылық белсенділігін дамыту. | 1. «Дүниеде не болмайды?» ойыны.<br>2. «Не артық» ойыны.<br>3. «Несі жетіспейді?»<br>4.«Қателігін тап» | 1 | Желтоксан |
| 17 | Математикадағы логика | Балаларды логикалық ойлауға және ойларын шығармашылық түрде жеткізу. | 1. «Артық сан» ойыны<br>2. «Математикалық моншақ» ойыны<br>3. «Пішіндерді сана» ойыны<br>4. Кеңістікті бағдарлау | 1 | Қаңтар |
| 18 | Логика және ана тілі | Балалардың ойларын білдіру, басқаларды тыңдау және ұғу қабілеттерін дамыту. Сөйлеу қабілеті мен сөйлеуді дұрыс құрастыруға үйрету. | 1. «Сөзді ойла - тез ойла»<br>2. «Сөз шынжыры»<br>3. Әңгімені жалғастыр<br>4. «Айырмашылығын ата» | 1 | Қаңтар |
| 19 | Қоршаған ортадағы логика | Қоршаған ортадағы қарым қатынастарды логика арқылы анықтау және қорытынды жасауды балаларға үйрету. Заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты анықтау. Балардың зерттеу қабілеттерін дамыту. | 1. «Айырмашылығын ата»<br>2. «Жыл мезгілдері» шығарма оқу<br>3. «Пішіндерден бейне құрастыр»<br>4. Таяқшамен жұмыс | 1 | Қаңтар |
| 20 | Сезу, қабылдау, елестету | Сезу арқылы қоршаған орталарды баларға зерттеуді дамыту. Сезу мүшелерімен алынған сезімдер арқылы заттар туралы түсінік алуды балаларға үйрету, мұқияттылықты дамыту. | 1. «Ғажайып қалта» ойыны<br>2. «Сөзді оқып суретке қос»<br>3. Үрмебұршақпен жұмыс. | 1 | Қаңтар |
| 21 | Абстрактау. Ұғым | Балаларға бір заттың белгілерін ойша | 1.«Артық затты тап» ойыны | 1 | Ақпан |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бөліп алуды, яғни негізіне жанамадан айырып алуды үйрету. | 2. «Не неге ұқсайды» ойыны?»<br>3. «Сөздерді қос»<br>4. Таяқшамен бейнелер құрастыру. | | |
| 22 | Сөз. Анықтама | Анализ бен синтездің операцияларын балаларға ойша анықтай алуды дамыту. Анықтама құруды үйрету. Бір-бірімен байланыстырып сөйлем құру. Өз жауабын логикалық түрде құру. | 1. Жұмбақтар шешу<br>2. «Сөйлемді аяқта» ойыны<br>3. «Анықтамасын бер» ойыны<br>4. Графикалық тапсырма | 1 | Ақпан |
| 23 | Бүтін-бөлшек. | Балаларға әрі қарай топқа бөлуді үйрету, Сонымен қатар сол заттарды құрайтын бөліктерге байланысты мұқияттылық пен өздігінен қорытынды жасауды дамыту. | 1. Жұмбақтар шешу<br>2. «Не нені жақсы көреді?»<br>3. «Жамауын тап» ойыны<br>4. «Суретті аяқта» | 1 | Ақпан |
| 24 | Реттілік. Қайшылық | Балаларды ұғымдық ойлауды қалыптастыру, логикалық ойлаудың негізгі операцияларын білуді алға қою. Түсініксіз ұғымдар мен екі мағынаны топқа шығара білу. | 1. Реттілік тапсырмасы<br>2. «Кейін, сосын, қазір» жаттығуы<br>3. Пішіндерден бейне құрастыр.<br>4. «Сөзді қысқарт» ойыны | 1 | Ақпан |
| 25 | Заттардың сандық және сапалық байланысы. | Заттардың сандық және сапалық байланыстарын ұға білу, категорияны ажырата білу . жұптық ұғымдар туралы нақтырақ балаларға түсіндіру. Өздігінен қорытынды жасауға үйрету. | 1. Жұмбақтар шешу<br>2. Сурет бойынша әңгіме құру.<br>3. «Ойыншық қайда» ойыны<br>4. Танграмм | 1 | Наурыз |
| 26 | Логикалық жұптар. Логикалық тапсырмалар. | Ортақ көрсеткіштерді ескере отырып балаларға логикалық жұп құру, өзінің таңдауының себебін түсіндіре білу. Логикалық шынжыр құрастыра білу. Логикалық ойлауды және нақты, қысқада нұсқа жауапты беруді үйрету | 1. «Жұбын анықта»<br>2. «Сөз шынжыры»<br>3. «Ұқсастығын тап»<br>4. Логикалық ауызша есеп | 1 | Наурыз |
| 27 | Берілген тақырыпта әңгімелеу | Берілген тақырыбына көбірек сөйлем құрастыруды үйрету. Балаларды сөйлем арасында логикалық байланыс болуды үйрету. | 1. Сурет бойынша әңгіме құру<br>2. «Ертегі кейіпкерлерін ата»<br>3. «Сиқырлы сандық» ойыны<br>4. Үрмебұршақпен жұмыс. | 1 | Наурыз |
| 28 | Құлақ нені естиді? | Баларға қалыпты емес, кенет болған жағдайларды түсінуге және көруге сонымен қатар логикалық келіспеушіліктерді анықтауды үйрету. | 1. «Бізді қоршаған дыбыстар»<br>2. «Бұзылған телефон»<br>3. «Сөз ойла-тез ойла»<br>4. Жаңылпашты жаңылмай айтам. | 1 | Наурыз |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мұқияттылық пен шығармашылық белсенділікті дамыту. | | | |
| 29 | Өзге адамның көзқарасын ұғу | Болған жағдайды әр түрлі жақтан қарастыруды балаларға үйрету. | 1. «Суретші» ойыны<br>2. «Қызықты викторина»<br>3. «Жақсы-жаман» ойыны<br>4. Пішіндерден бейне құрастыру. | 1 | Сәуір |
| 30 | Логикаға сай емес жағдайлар | Қарапайым жағдайларды өзгеше жағдайлардан ажырата білуді үйрету. | 1. «Кім не істеп жатыр?»<br>2. «Суреттен қатесін тап»<br>3. Нүктелер көмегімен сурет салу<br>4. Танграмм | 1 | Сәуір |
| 31 | Заттарды қолдану тәсілдерін зерттеу | Бір затқа ойын бағыттауды, барлық қасиеттерді құрастыруды балаларға үйрету. | 1. «Ұқсас затты тап» ойыны<br>2. «Қарама-қайшы қасиеттері бар заттарды ізде»<br>3. «Мұны қалай қолдануға болады?»<br>4. Лото | 1 | Сәуір |
| 32 | Логикалық тапсырмалар | Логикалық ойлау мен алынған білімін қалыпты емес тапсырманы шешуді балаларға үйрету. | 1. Логикалық тапсырмалар<br>2. Қызықты есептер<br>3. Домино<br>4. Берілген бейнені штрихтау. | 1 | Сәуір |
| 33 | Деньеш ойындары | Логикалық ойлау мен алынған білімін қалыпты емес тапсырманы шешуді балаларға үйрету. | 1. «Дүкен»<br>2. «Дәмді дәрумендер»<br>3. «Сиқыршы»<br>4. «Сиқыршының амалы» | 1 | Мамыр |
| 34 | Деньеш ойындары | Логикалық ойлау мен алынған білімін қалыпты емес тапсырманы шешуді балаларға үйрету. | 1. «Алдымен не,одан кейін?»<br>2. | 1 | Мамыр |
| 35 | Ерекшеліктерді анықтау және абстрактылау | Қасиетті жалпылау мен айқындауептілігін дамыту. Өз таңдауын дәлелдеу мен пайымдауептілігін дамыту | 1. «Қонжықтарға арналған тағамдар»<br>2. «Архитекторлар»<br>3. «Логикалық поездар»<br>4. «Сандар мозайкасы» | 1 | Мамыр |
| 36 | Әдістемелер | Бір топқа біріктіруге болатын заттардың өзара қарапайым байланыстарын анықтау икемділектерін, сондай-ақ баланың заттардың жинақтаушы атауын меңгеру деңгейін анықтау. | 1. «Бір сөзбен ата»<br>2. «Суреттерді есте сақта»<br>3. «Қисынсыздықтар»<br>4.«Жыл мезгілдері» | 1 | Мамыр |

Scanned by TapScanner